

Қазақстан халқы Ассамблеясы  
Кеңесінің шешімімен  
**БЕКІТІЛГЕН**  
хаттама № 18-35-4.3  
2019 ж. «20» қараша  
жана редакция  
(№ 19-35-04.3 /28.11.2019)

**Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерін  
Қоғамдық аккредиттеу жөніндегі комиссия туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерін Қоғамдық аккредиттеу жөніндегі комиссия туралы осы ереже (*бұдан әрі – Ереже*) ҚР «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңының 14-1-бабының нормаларын іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерін Қоғамдық аккредиттеу жөніндегі комиссияның (*бұдан әрі – Комиссия*) қоғамдық мәртебесі бар және өз қызметінде Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі бекіткен Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерін Қоғамдық аккредиттеу ережелерін басшылыққа алады.

3. Комиссияның негізгі мақсаты Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық және өңірлік этномәдени бірлестіктерін (*бұдан әрі – этномәдени бірлестіктер*) аккредиттеуді жүзеге асыру болып табылады.

Комиссия шешімдері этномәдени бірлестіктерді ҚХА этномәдени бірлестіктерінің Тізіліміне (*бұдан әрі – Тізілім*) енгізуге немесе Тізілімнен шығаруға негіз болып табылады.

**2. Комиссия қызметін ұйымдастыру**

4. Комиссия құрамын ҚХА Хатшылығының ұсынысы бойынша ҚХА Кеңесі бекітеді.

5. Комиссияның құрамына этносаралық қатынастар, қоғамдық даму саласындағы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың, әділет және азаматтық қоғам институттарының өкілдері кіре алады, бұл ретте олардың жалпы саны комиссия құрамының 1/3-нен аспауы тиіс.

6. Комиссияны төраға басқарады, ол комиссияның қызметіне басшылық жасайды, Комиссия отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

7. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ (бұдан әрі – Жұмыс органы) жүзеге асырады.

8. Комиссия хатшысын Жұмыс органы өз қызметкерлерінің қатарынан тағайындайды.

Хатшы Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады, тиісті құжаттарды, материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді, комиссия отырыстарының хаттамаларын жасайды.

Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

9. Комиссияның жұмыс отырыстарының материалдары отырысқа дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын Комиссияның әрбір мүшесіне жеткізіледі.

10. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, заңды болып табылады.

11. Комиссияның шұғыл мәселелерді қарауы қажет болған жағдайда, Комиссия төрағасының шешімімен олар бойынша сырттай дауыс беруге болады.

Комиссия мүшелерінің сырттай дауыс беруге арналған мерзімі дауыс беруге арналған мәселе бойынша материалдар жіберілген күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Сырттай дауыс беру мерзімі аяқталғанға дейін Комиссия мүшелері Жұмыс органына жазбаша жауаптар жібереді, онда өз пікірін білдіреді. Көрсетілген мерзімде жазбаша жауап берілмеген жағдайда, Комиссия мүшесі оң дауыс берді деп есептеледі.

### **3. Материалдарды комиссияда қарау**

12. Комиссияның аккредиттеуге ұсынылған құжаттарды қарауы Жұмыс органына құжаттар келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

13. Қарау нәтижелері бойынша Комиссия шешім қабылдайды:

- этномәдени бірлестікті аккредиттеу туралы;
- этномәдени бірлестікті аккредиттеуден өткізбеу туралы;
- аккредиттеу туралы шешімнің күшін жою туралы.

14. Комиссия шешімі отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

15. Комиссия қабылдайтын шешімдер хаттамамен ресімделеді, оған төрағалық етуші, қатысып отырған Комиссия мүшелері және хатшысы қол қояды.

16. Комиссияның шешімі үш жұмыс күні ішінде ҚХА Хатшылығына және жұмыс органына жіберіледі және Тізілімге өзгерістер енгізу (этномәдени бірлестікті Тізілімге енгізу, шығару) үшін негіз болып табылады.

Жұмыс органы этномәдени бірлестікті Комиссия қабылдаған шешім туралы шешім алынған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Жұмыс органы, аккредиттеуден өткізбеу туралы негізделген шешімді жазбаша түрде этномәдени бірлестіктің өтініші бойынша, өтініш алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

17. Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері, олар білдірілген жағдайда, жазбаша түрде баяндалады және Комиссия хаттамасына қоса беріледі.

---